



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық
кеңесінің қысым көрсетуге (харасмент) қарсы комитеті
туралы ережеге өзгертулер**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 30.07.2025

Күшіне енген күні: 30.07.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 8.4 АС

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 36

Иесі: Студенттермен жұмыс жүргізу
департаменті

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Қайта қарау № 1

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Негізгі ІНҚ бекітілген күн: 15.11.2023

Негізгі ІНҚ күшіне енген күн: 15.11.2023

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 11



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің қысым көрсетуге (харасмент) қарсы комитеті туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) мынадай түзетулер арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Ереженің 3.1.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1.3. Комитеттің миссиясы кампуста алуан түрлілікке, теңдікке және инклюзияға ықпал ететін, сондай-ақ қысымнан бос ортаны қалыптастыратын мәдениетті дамыту үшін білім беру және онымен байланысты бастамаларды ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес үйлестіру болып табылады.».

2. Ереженің 3.1.4-тармағының 2) тармақшасы мынадай нұсқада жазылсын:

«2) ақпараттық және қысым көрсетуге қарсы материалдарды дайындайды; жаңадан қабылданған және білімін жалғастырып жатқан студенттерді, сонымен қатар жаңадан қабылданған және қызметін жалғастырып жатқан академиялық және әкімшілік персоналды қысым көрсетуден қауіпсіз кампус мәдениетін сақтау туралы хабардар ету үшін Студенттермен жұмыс жүргізу департаментінен, Адами капиталды дамыту департаментімен, Ұйымдастырушылық мәдениет, әртүрлілік және инклюзивтілік департаментімен, сондай-ақ басқа да тиісті ұйымдармен үйлестіреді;».

3. Ереженің 3.1.4-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Мектептер мен құрылымдық бөлімшелерден қысым көрсетуге қатысты бастамалар, тәртіптік жазалар және басқа да қысым туралы тиісті ақпаратты жинау және статистикамен бөлісу. Бұл статистика жеке атауларды немесе жағдайларды көрсетпеуі керек, бірақ жалпы тенденциялар туралы ақпарат беруі керек.».

4. Ереженің 3.1.4-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын.

5. Ереженің 3.2.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2.1. Комитет келесі мүшелерден тұрады:

1) Комитеттің тең төрағалары ретінде Студенттер ісі және халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне жетекшілік ететін вице-президент және Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректор;

2) ОПК Сенатынан бір мүше;

3) Дайындық мектебін қоса алғанда, әрбір мектептен қатыса алатын мүшелер;

4) кәсіптік, техникалық және әкімшілік персоналдан бір мүше;

5) гендерлік айырмашылықтар саласындағы зерттеулерді жүргізетін ғалымдардан немесе онымен байланысты зерттеу топтарынан бір мүше;

6) студенттік өзін-өзі басқару – бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының білім алушысы атынан екі мүше;

7) Студенттермен жұмыс жүргізу департаментінен бір мүше;

8) Ұйымдастырушылық мәдениет, әртүрлілік және инклюзивтілік департаментінен бір мүше;

9) Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету департаментінен бір мүше;

10) НУ түлектерінен бір мүше;



- 11) НУ Кітапханасынан бір мүше;
- 12) Ерекше білім беру қажеттіліктері жөніндегі комитеттен бір мүше;
- 13) Оқу және оқыту жөніндегі комитеттен бір мүше.».